

№17(156)

3 МАМЫР  
СЕНБІ  
2025 ЖЫЛ

ГАЗЕТ 2022 ЖЫЛДЫҢ  
22 АҚПАНЫНАН  
БАСТАП ШЫҒАДЫ

# Jaña Bastau



janabastau  
www.janabastau.kz  
janabastau1@gmail.com

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

## ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫНА ТАҒЗЫМ РЕЙХСТАГҚА ТІГІЛГЕН ТУ – БЕЙБІТ КҮННІҢ БАСТАУЫ

КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ, ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС

30 сәуір – Тайтөбе ауылында Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстатқа ту тіккен күніне арналған ауқымды шара өтті. Батырдың есімі берілген аллеяда жиылған халықтың қарасы мол еді. «Есіл – Нұра» халықтық ансамблінің «Соғыс зарын шеккендер» атты әдеби-сазды композициясымен соғыстың ауыр зардабы, ащы зары жеткізілгендей, көңілде зіл мен мұң қалды.

Соғыс басталғанда Рақымжан небары 16 жаста еді. Ол да ер-азаматтармен қатар майдан шебінде Отанын қорғауға сұранады. 1942 жылдың тамызында 18 жастағы бозбала Қазақстан және Орта Азия сарбаздарын әскери дайындықтан өткізетін Көкшетау қаласындағы атқыштар полкі қатарына алынып, осы жерде 1943 жылдың жазына дейін болады. Одан соң Рақымжан Қошқарбаевты Фрунзеге эвакуацияланған Тамбов жалпыкомандалық жаяу әскер училищесіне оқуға жібереді. Тек 1944 жылдың қазанында кіші лейтенант Қошқарбаев училищені үздік тәмамдап, майдан шебіне қосылады. Рақымжан Қошқарбаев майдан даласына 1944 жылдың күзінде келіп, 150 атқыштар дивизиясында взвод командирі атанып, Беларусь, Польша шайқастарында болады. Ал 1945 жылдың сәуір айында Берлин түбіндегі соғыстың ең сұрапыл шайқасына қатысады. Батальон командирі Рейхстагқа ту тігуге аттанатын алғашқы топты басқаруды Қошқарбаевқа жүктейді. Бұл өліммен тең тапсырма еді. Қарша борап тұрған оқ пен оттың ортасынан ол 300 метр жерде тұрған Рейхстагқа 7 сағат бойы еңбектеп барған. Ғимараттың қабырғасына қызыл жалауды тіккен қос батырдың ерлігін сол күннің ертеңіне-ақ майдан газеттері жарыса жазды.

Өскелең ұрпақтың санасында осындай ерліктің үлгісін мәңгі қалдыруды мақсат еткен шарада сөз сөйлеген Қосшы қаласы әкімінің орынбасары Берген Жұмкей: «Бүгінгі күнді Жеңіс күні деп айтуға болады. Бес жылға созылған соғыстың нүктесі осы күні қойылып, жеңіс күнін жақындатты. Өткен жылы Рақымжан атамыздың 100 жылдық мерейтойында осы аллея ашылып, ескерткіші орнаған еді. Қала әкімінің атынан баршаңызды Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын. Көгімізде көк



туымыз желбіреп, бейбіт күніміз мәңгі болсын!» деп мерекелік құттықтауын арнады. Ер жүрек батырды бір минут үнсіздікпен еске алған көпшілік оның рухына бас иіп, ескерткішіне гүл шоқтарын қалдырды.

Сөз тізгінін алған Қосшы қаласы ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабділбар Абақов: «Бүгінгі ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруындағы маңызды шараға келгендеріңіз үшін алғыс

айтамын. Бұл күннің тарихта алар орны бөлек. Болашақ ұрпақ, жастарымыз Рақымжандай батырдың ерлігін, жанкештілігін біліп, үлгі етіп өсулері керек. Ердің есімі ел есінде мәңгілік сақталуы тиіс. Әр қайсыңыз да Отан дегенде от кешіп, ел қорғауға дайын болсаңыздар екен деген тілек бар. Соғыс болмасын, бейбіт заман, ел аман болсын!» деп ақсақал ретінде ақ батасын берді.

Р.Қошқарбаев атындағы №1 мектептің ұстаздар хоры «Соғыстан қайтқан солдаттар» әнін, ал Райгүл Ғайнулина «Ана туралы баллада» әнін орындап, жиылған жұртқа сол кезеңнің қиындығы мен нәубетін сезіндіргендей.

Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктің, ерліктің, қайсарлықтың, бірліктің үлгісін көрсете білген батырлар ел есінде мәңгілік сақталары белгілі. Өткен мен бүгіннің арасындағы дәнекер, зұлмат соғыстың куәгері болған Екінші дүниежүзілік соғысының ардагері Нұрғасым Әжітаевты ортаға алып, жиылған көпшілік естелік суретке түсіп, ақсақалға құрмет пен ізет көрсетті.

Гүлназ БИСЕН



ҚҰТТЫҚТАУ

Құрметті жерлестер!

Баршаңызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – байтақ даламызда ғұмыр кешіп жатқан сан түрлі ұлт өкілдерінің ортақ шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, бірліктің қадірін терең сезінетін ерекше мейрам.

Ел бірлігі бәрінен маңызды. Бірлігіміз бекем, ниетіміз бір болғанда ғана біз еліміздің дамуына еңбек етіп, жас қаламыздың әлеуметтік - экономикалық әлеуетін арттырып, тұрғындар үшін қолайлы әрі заманауи, инфрақұрылымы дамыған қалаға айнала аламыз.

Осы мерейлі мереке күні бәріңізге зор денсаулық, амандық, бірлік пен береке тілеймін! Тыныштық пен татулық, бейбітшілік пен тұрақтылық жасай берсін! Мереке құтты болсын!

Ізгі ниетпен, Қосшы қаласының әкімі Азамат Қашышев

БӘРЕКЕЛДІ!

ТІЛ ШЕБЕРІ – 2025

Мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, оның мәртебесі мен маңызын насихаттау және тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырып, көп тілді меңгерген тұлғаны тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған Республикалық «Тіл шебері» байқауының қалалық кезеңі өтті.

Байқауға үш тілді жетік меңгерген мектеп ұстаздары мен қала тұрғындары, жастар қатысты. Білімпаздар сайысына Астана қаласындағы «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ ғылыми қызметкері Жұлдызай Қабділмәжитқызы төрелік етіп, әділ бағасын берді.

Байқау нәтижесінде: Бас жүлде – Айымгүл Қабиденова;

I-орын – Мереке Құмарова;

II-орын – Аяулым Сәkenова;

III-орын – Арайлым Келгенбаева.

«Тілдерді оқыту орталығы» ММ

## СӘРСЕНБІНІҢ СӘТІНДЕ

ҚОСШЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ДАМУ  
ҚАРҚЫНЫ ЖОҒАРЫ

Сәрсенбі күні, әдеттегідей Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев қала тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады. Кездесуге атқарушы билік өкілдерінен басқа, мәслихат депутаттары, Қоғамдық кеңес мүшелері және белсенді азаматтар қатысты.



Әкімнің қабылдауында тұрғындар тарапынан көптеген мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, жер кезегі, жол жөндеу жұмыстары, қаланы абаттандыру, кәсіпкерлікті дамыту және тағы басқа түйткілдерге қатысты сауалдар қойылды.

Азамат Есімұлы кәсіпкерлік дамыту туралы сауалға бұл бағытта атқарылып жатқан ауқымды іс-шаралардан айта келіп, инвестиция тарту мен кәсіпкерлікті қолдау шараларынан нақты мысал келтірді. Әкім шағын және орта бизнесті дамыту бойынша мемлекет ұсынатын қолдау тетіктерін тиімді пайдаланудың маңыздылығына да тоқталды. Сондай-ақ қаланың әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерімен

де таныстырды. Ол Қосшының облыс экономикасындағы үлесі негізгі бағыттар бойынша 7-13% аралығында екенін айтып, бұл көрсеткіш қаланың даму қарқынының жоғары екенін дәлелдейтінін жеткізді.

Кездесу соңында Қосшы қаласының әкімі Азамат Қапышев көтерілген мәселелер бойынша жауапты бөлім басшыларына нақты тапсырмалар беріп, олардың орындалуы қатаң бақылауда болатындығын ескертті.

Естеріңізге сала кетейік, қала әкімі тұрғындарды әр аптаның сәрсенбісі күні 09.00.-ден 12.00.ге дейін қабылдайды. Қабылдауға 87172607888 байланыс телефоны арқылы жазылуға болады.

## ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

ЖЕҢІС КҮНІ –  
БЕЙБІТШІЛІККЕ ТАҒЗЫМ КҮНІ

9 мамыр – Жеңіс күні тек әскерлердің жеңіс мерекесі ғана емес, адамзаттың бейбіт өмірге, әділетке және рухани тұтастыққа деген ұмтылысының көрінісі. Бұл күн бізге өткеннің ауыр сабағын, татулық пен ынтымақтың мәңгілік құндылық екенін еске салады.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында майдан мен тылда жүрген талай азаматтар тек қаруға емес, жүректеріндегі сенім мен үмітке сүйенді. Соғыстың сұрапыл сәттерінде адамдар дін мен руханияттан медет іздеді. Әр ұлттың сарбаздары өз тілегі мен дұғасын арнады. Бұл – адам рухының сын сағаттағы беріктігінің дәлелі.

Соғыс жылдарында мешіттер мен шіркеулерде тыныштық пен бейбітшілік үшін дұға жасалды. Қиын шақта дін өкілдері халықты сабырға, бірлікке, үміт пен жақсылыққа үндеді. Осылайша, діни сенімдер адамзаттың ең ауыр сынағы – соғыстың кезінде де рухани тірек бола алды.

Қазақстан – дінаралық келісім үлгісі. Бүгінде Қазақстан – бейбітшілік пен келісімнің мекені. Әртүрлі этнос пен дінді ұстанатын азаматтар бір мақсат, бір тағдыр жолында бірігіп, Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ерлікті бірге еске алады. Н.Назарбаевтың бастамасымен құрылған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Конфессияаралық қатынастарды

талдау және дамыту орталығының қызметі – осы жолдағы салиқалы саясаттың нәтижесі.

Жеңіс күні – бейбітшілікке тағзым күні. 9 мамыр тек естелік емес, бұл – келер ұрпаққа бейбіт өмірдің қадірін ұғындыратын, татулықтың құндылығын еске салатын күн. Діни сенімдер мен рухани құндылықтар бізді өткеннің мұрасын құрметтеуге, болашақ үшін жауапкершілікпен өмір сүруге жетелейді.

Жеңіс күні – ерлік пен бірліктің, руханият пен сенімнің де жеңісі. Бұл – жүректерді біріктірген ұлы рухтың, түрлі сенім мен мәдениеттің бейбіт қатар өмір сүруінің дәлелі. Осы күннің мәңгілік мәні – тек өткенді еске алып қана қоймай, бейбітшілік пен келісім жолында бірлесе өмір сүру.

**Мақсат Сайранұлы,**  
**Ақмола облысы Дін істері басқармасының «Конфессияаралық қатынастарды талдау және дамыту орталығы» КММ мониторинг және діни экстремизмге қарсы насихат бөлімінің маманы**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

2025 жылдың 06 маусым күні сағат 15.00-де Республика көшесі, 46 мекенжайы бойынша қалалық әкімдіктің мәжіліс залында депутаттардың, атқарушы органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, бұқаралық ақпарат құралдары мен қала тұрғындарының қатысуымен Қосшы қаласының Асыл түлік, №19 (№18 көшесі), №20 (№5 көшесі) шағын ауданында атауы жоқ көшелеріне атау беру мәселесі бойынша көпшілік тыңдау өткізіледі.

06 июня 2025 года в 15.00 в зале заседаний городского акимата по адресу: улица Республики, 46, состоятся публичные слушания с участием депутатов, исполнительных органов, органов местного самоуправления, средств массовой информации и жителей города по вопросу присвоения наименования одной из улиц в микрорайонах Асыл тулик, №19 (улица №18), №20 (улица №5) города Косшы.

Қосшы қаласы Рақымжан Қошқарбай атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебінде Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арналған мерекелік еске алу өтті.

## ТАҒЗЫМ

ЕРЛЕРІНІҢ ЕРЛІГІН  
ҰЛЫҚТАЙДЫ ЕЛ БҮГІН

Қосшы қаласынан Екінші дүниежүзілік соғысқа аттанған жерлестеріміз де жетерлік. Олар: Есмағамбетов Айтмағамбет, Ғани Абсағитов, Алшинбаев Қалымтай, Сарсенбеков Мухамбедия, Гальченко Николай, Гальченко Петр, Қалқабеков Асембай, Федоренко Любовь, Кваков Иван, Юсупов Гарифулла, Жумабеков Сатыбалды, Мухамбетжанов Камаш, Сухоносенко Дмитрий, Калиманов Сағынтай, Бай Иван т.б. Еске алу шарасында марқұмдардың құрметіне 1 минуттық үнсіздік жарияланды.

Салтанатты кешіміздің алғашқы сөз кезегі Қосшы қаласы Білім бөлімінің әдіскері Бауыржан Камиевке берілді. Ол Жеңістің мән-мағынасы туралы айтып, бүгінгі бейбіт өміріміз үшін халқымыз майдангерлерге қарыздар екенін еске салды.

Бүгінде қаламызда майдангер Есмағамбетов Айтмағамбет атындағы көше бар. Ол кісі 1911 жылы Қосшы ауылында дүниеге келген. 1935-1939 жылдары «Шнет» пен «Ағанас»

кейін елге оралып, туған жерін түлетуге атсалысқан батыр атамыздың ұрпақтары бүгін бізде қонақта болды. Салтанатты кешімізде майдангердің ұлы Жоламан Айтмағамбетұлы Есмағамбетов, сондай-ақ Айтмағамбет атамыздың немересі, мектебіміздің түлегі, Астана қаласының полиция капитаны Есмағамбетов Ғалы Ғалымұлы қонақта болып, естелік сөз сөйлеп, мектепке майдангер атамыздың медальдарын табыстады.

Одан кейін білім мекемесінің өнерпаздары дайындаған шағын концерттік бағдарлама басталды. Мектебіміздің белсенді оқушылары Болат Жеңіс «Рақымжан Қошқарбаевқа арнау», Оразәлі Нұрсұлтан мен Сейілбек Сандұғаш «Батырларға тағзым» өлеңдерін оқып, Сыздықбаева Тасмина «Соғыс болмасын» әнін шырқады. 5 сынып оқушысы Арманұлы Санжар мен мектеп ұстазы Орынбасар Жанерке «Қазақ елі», ұстаз Сапабекова Назерке «Туған ел» әнін айтты. Ұстаздар хоры «Соғыстан қайтқан солдаттар» әнін



ауылында мұғалім болып қызмет атқарды. 1941 жылы майданға кетті. 1942 жылы 17 сәуірде 1006 атқыштар полқы құрамында болып, фашистарға қарсы ұрысқа қатысты. 1943 жылы жаз айында Айтмағамбет атамyz Курск-Орловск бойында ең қатты қанды шайқасқа қатысты. Жапон соғысына қатысты. Соғыстан кейін өзінің туған ауылына оралып, отбасын құрды. Әйелімен бірге 6 баланы өсірді. Бүгінде майдангердің ұл-қыздарынан тараған 12 немере, 10 шөбере бар. Олардың қай-қайсы да жоғары білімді, қоғамның әртүрлі салаларында еңбек етіп, еліміздің дамуына өз үлестерін қосып жүр. Майдан даласында ерлігімен танылған, соғыстан

шырқады.

Салтанатты іс-шарамызды мектеп директоры Сулуай Ильясова қорытындылап, келген қонақтарға алғысын білдірді. Сондай-ақ осындай мазмұнды мерекелік шараны ұйымдастырған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Гаухар Құлчмановаға көпшіліктің рақметін жеткізді. Іс-шараға Қосшы қаласы мәдениет үйі қызметкерлері де атсалысып, ән шырқады.

**Гүлбану Бажиева, Рақымжан Қошқарбай атындағы №1 жалпы орта білім беретін мектебі директорының тәрбие ісі- жөніндегі орынбасары**

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

## ҚОСШЫҒА ГАЗ ҚАШАН КЕЛЕДІ?

Астана агломерациясын дамыту жөніндегі 2024-2028 жылдарға арналған кешенді жоспар аясында Ақмола облысы бойынша 245 іс-шараны жүзеге асыру көзделген. Оның ішінде елді мекендерді газбен қамтамасыз ету ісі де қарастырылған.

Айта кетейік, Астана агломерациясының құрамына елорданың өзінен басқа, Қосшы қаласы мен Целиноград, Аршалы және Шортанды аудандарының 45 елді мекені кіреді. Былтыр Астана агломерациясына енген ауылдарды көгілдір отынмен қамтамасыздандыру үшін 407 шақырым газ құбыры тартылған. Биыл елорда іргесіндегі Қосшы қаласына газ келіп жетеді. Ал келер жылдың соңына дейін өзге де елді мекендер табиғи газға қол жеткізеді.

Жоспар бойынша екі жылда Ақмола облысының 12 елді мекеніне табиғи газ тартылып, 120 мыңнан аса тұрғын көгілдір отынмен қамтылмақшы. Қазіргі кезде Қосшы қаласы мен Нұрлы ауылына да газ

құбырын тарту жұмыстары жүріп жатыр.

Ақмола облысын газдандыру «Сарыарқа» газ құбырының магистральді желісі арқылы жүзеге асуда. Игі жобаға биыл биресми есеп бойынша 100 мыңнан аса тұрғыны бар Қосшы қаласы да енді. Қазір мұнда газ тарту жұмыстары кестеге сай жүріп жатыр. Жобаның жалпы құны 11,3 миллиард теңгені құрайды. Биыл бюджеттен 4 млрд теңге бөлінген.

Бүгінге дейін жоғары, орташа және төменгі сынды газ құбырларын салу аяқталған. Аталған жоба бойынша жұмысшылар мен арнайы техникалар толықтай қамтамасыз етілген. Жеткілікті. 80 адам, 30 бірлік арнайы техника жұмылдырылған.

ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

# ҚОСШЫ МАНДАЙЫНДА ЖАРҚЫРАҒАН БІР ЖҰЛДЫЗ

«ХАЛЫҚ ҚАҒАРМАНЫ» РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВҚА АРНАУ

Елін, жерін, ұлтын, халқын басқыншы жаудан қорғау жолында бастарын бәйгеге тіге, асқан ерлікпен күрес жасап, соның жолында жанпида қылғандар да, ерлікпен атын шығарып, ұлтына үлгі, халқына қадірлі үлкен тұлға болғандар да мемлекет тарихында аз емес. Соның бірі де, бірегейі де – Рақымжан Қошқарбаев.

Қосшы қаласының бір бүйірі бақытқа орай мемлекет астана-сымен, енді бір бүйірі сақ дәуірінің 2000 жылдық тарихы бар «қарауыл төбесі» атанған, кейінгі замандарда Сәмекехан мен оның ұрпақтары Қоңырқұлжаұлы Құдайменде сұлтанның және әйгілі Кенесары хан, Абылай ханның атақты билерінің бірі Нияз бидің табан іздері қалған, әсіресе «Халық қаһарманы» Рақымжан Қошқарбаевтың кіндік қаны тамған киелі де иелі Тайтөбемен жалғасып жатыр. Қазақ халқының мандайына біткен жарық жұлдызы – әйгілі баһадүр Рақымжан Қошқарбаевтың туғанына 100 жылдығына байланысты осынау халық қаһарманын тану, ұлықтау, өнеге алу және оның отаншыл ұлы рухына мұрагерлік ету хақында ой өрістетейік.

## Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев кім?

Рақымжан Қошқарбаев – 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысының Тайтөбе ауылы Қырыққұдық елді мекенінде туған. 4 жасында анасы дүниеден озған. Әкесі жалған саяси жаламен сотталып, Гулаг лагеріне айдалған. Панасыз жетімек жастайынан Тайтөбе балалар үйінде және Балқаш қаласындағы орта техниккомда тәрбиеленген. 1943 жылы 18 жасында Бішкектегі орта деңгейлі әскери мектепте оқып, 1944 жылы майдан

шебіне аттанған.

1945 жылы 16 сәуірде взвод Одер өзенінен өтерінде оған кедергі жасаған жаумен қиян-кескі шайқас жасап, Рақымжан алғаш рет осы соғыста батылдығымен көзге түседі. 1945 жылы 29 сәуірде Шипре өзені бойында тағы да жойқын ұрыс болып, қосын жаудың 200-дей әскерін жойып, 184 солдатын, 14 зеңбірегін, 27 пулеметін қолға түсіреді. Рақымжанға ерлігі үшін 1 дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордені беріліп, 150 атқыштар полкінің командирлігіне тағайындалды. Совет Армиясы 1945 жылы 30 сәуірде Берлинге шабуыл жасағанда Рақымжан Қошқарбаев Григорий Булатовпен бірге рейхстагқа алдымен жетіп, жеңіс туын өз қолымен қадайды. Сол ерлігі үшін

«Совет Одағының Батыры» орденіне ұсынылады, бірақ батырды тек «Қызыл жұлдыз» орденімен марапаттап қояды. Осынау уақыт бойы кешіккен әділетті ұсыныстың бағы тек ел Тәуелсіздігінен кейін 1999 жылы 7 мамырда ғана жанып, оған Қазақстан мемлекетінің «Халық қаһаманы» деген атағы және республиканың жоғары дәрежедегі «Алтын қыран» ордені мен «Қазақстанның Еңбек Ері» деген атақты қоса беріп, жоғары деңгейде марапаттайды.

## Батырдағы азаматтық талғам, әділетті ұстаным және өскелең өнеге

Артына әділет әміршісіндей сезім қалдырып кеткен қарт көшбасшы Қонаев атамыз: «Елдің тоқтығы үшін

тер төккен дала ерлерінің жоқшысы болу – кімге болса да парыз» деген екен. Елінің тоқтығы, әрқандай қауіп-қатердің жоқтығы жолында елі үшін тер төккен дала ері Рақымжан Қошқарбаев атамыздың жоқшысы, әрине, бүгінгі ұрпақ. Оның азаматтық талғамы – елін жаудан қорғау жолында майдан шебіне аттанып, Отаны, халқы үшін жанкештілік рухпен шайқас жасау. Ұстанымы – елін сүю, халқын қорғау, Отанының тұтастығын сақтап, ештеңеден тайынбайтын ұлттық рухын әлемге таныту болды. Қазіргі таңда, көріп отырғанымыздай, геосаяси жағдай ушығып тұрған кезде Отанымызды және ұлт мүддесін қорғаудан келелі іс жоқ. Рақымжан Қошқарбаев тұсында да әлем жағдайы осындай болған. Бүгінгі алып держауалар арасынан «өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтын» жол табу – біз үшін де басты мақсат.

Тағы да ұлт көшбасшысы Қонаевтан цитат алайық: Димекең атамыз «Еңбегің еш кетпей, ел кәдесіне жарағаны – бір бақыт. Ал соның орнымен бағаланып сый-сияпаттың көру және бақыт» деген еді. «Ештен кеш жақсы» дегендей, Рақымжан Қошқарбаев атамыз 44 жылдан кейін болса да өз елінде еңбегі бағаланып бақтың көрді. Ендігі іс – сол қаһармандарымыздың жанкешті еңбегімен келген бақыттың баян-



дылығын ұрпаққа жете танытып, өнегелік рухы мен ұлт мұратын одан ары арттыру болмақ.

Ұлт мұраты – көреген көшбасшының әділетті жолы мен ұлтжанды ұрпақтың қолында екені кім-кімге де анық. Атап айтқанда, ұлт мұраты – мемлекеттің тәуелсіздігі, оның көркейіп-гүлденуі және халықтың әділетті заңмен еркін қорғалып, өз еңбектерінің жемісін көріп, баяшат өмір сүруі болмақ. Олай болса, Рақымжан Қошқарбаевтай ұлтына ұран, егемен еліне үлгілі болған ұлылардың туын жықпай, бүгінгі буында мемлекетшілдік, имандылық пен еңбекшілдік рухта тәрбиелеуіміз керек.

Қаламыздың жарық жұлдызы – «Халық қаһарманы» Рақымжан Қошқарбайдың рухы ұрпаққа өшпес үлгі болғай!

**Жұмашәріп Дәндібай,**  
педагог, жазушы, тарих және қоғамдық ғылым Академиясының академигі, Қосшы қаласы

АУЫЛДАН ШЫҚҚАН ЖАУЫНГЕР

# МЕНІҢ АТАМНЫҢ МАЙДАНДАҒЫ ЖОЛЫ

Менің атам Маултай Сыдықов Семей облысы Ақсуат ауданының Көктүбек ауылында 1919 жылы дүниеге келген. 1939 жылы желтоқсан айының аяғында Совет армия қатарына шақырылады. Беларусь Республикасының Минск қаласында 250 артиллерия полкында әскери қызметін атқарады. Полк мектебінде байланысшы курсын оқыды.

Бұл жазбаны Екінші дүниежүзілік соғыстың 40 жылдығында біздің көршіміз, Көкжыра ауылы М.Әуезов атындағы орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Баяхметов Сұлтан аға атаммен кездесіп, сұхбат алып, жазып қалдырған екен.

## Атамның күнделігінен:

«1941 жылдың жазы. Бүгін де күн күндегідей тыныш еді. Барлық жұрт, көктемнің қызу шаруасына кірісіп жатқан-ды. Бірақ бір

күнде қала ішіне суық хабар тарады – соғыс басталды...»

Маултай атам сол кезде 22 жаста ғана еді. Жүрегі «елім» деп соққан ол кісі көп ойланбастан, майданға аттануға шешім қабылдайды.

«Ел басына күн туғанда ер етігімен су кешпесе, намыс қайда?!» деп, әскери комиссариатқа өзі сұранып барып, майданға жазылады.

1941 жылдың 23 шілдесінде жаңадан құрылған Морозов атындағы 29 кавалерия-

лық дивизияның құрамына кіріп, Беларусьтың Молодечно станциясында алғаш рет немістерге қарсы соғысқа қатысады.

1941 жылы 29 қазанында Чкаловск қаласында 29 кавалериялық дивизияда атты әскер барлаушыларының взвод командирінің орынбасары болады. Батыс Беларусь майданының құрамында екі рет соғысқа қатысып, Смоленск, Великие Луки, Харьков қалаларын азат етеді. Бұл атам қатысқан ұрыстардың тек бірнешеуі ғана.

Фашистік Германияның шабуылын тойтарып, қатты соққы бере отырып, Отанымыздың шекарасынан қуып шығуға 25 км қалғанда, 1944 жылы 1 ақпанда ауыр жараланады. Уфа қаласындағы ЭГ-5915 әскери госпиталінде 6 ай емделеді.

Түн ұйқысын төрт бөліп, суық оқопта жатса да, Отан алдындағы борышын адал атқарды. Оның ерлігі үшін бірнеше медальдармен марапатталады. Омырауындағы «Қызыл Жұлдыз», «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдары – соның куәсі.

Соғыс аяқталып, елге оралғанда, ауыл оны ерекше құрметпен қарсы алды. Бірақ атам ешқашан ерлік жасадым деп кеуде қаққан жоқ. Қайта: «Біздің қайтпаған талай достарымыз бар, солар шын батыр еді», дейтін әрдайым.

Бейбіт өмірде ауыл шаруашылығында еңбек етіп, ұрпақ тәрбиеледі.

Атамыздың өмір жолы – ерлік пен еңбекке,



төзім мен сабырға толы жарқын үлгі.

Ерлік – сөзбен емес, іспен дәлелденетін қасиет. Осы қасиеттің жарқын үлгісін мен өз атамның өмірінен көремін. Ол – Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, ел үшін жанын шүберекке түйіп, от пен оқтың ортасынан аман оралған жауынгер.

Атамның кеудесінде жарқыраған медальдары – тарихтың үнсіз куәгері. Ол ордендер – тек темір емес, әрқайсысында жүреппен төгілген қан мен тер, жанқиярлық пен сабыр жатыр. Осы ерлігі үшін мен әрқашан атаммен мақтанамын.

Ерлік – ұрпаққа үлгі. Атам сияқты ержүрек азаматтар болмаса, бүгінгі бейбіт өмір де болмас еді. Сондықтан мен ерлік деген ұлы ұғымды жүрегімде мәңгі сақтаймын. Атам – менің мақтанышым, менің үлгі тұтар тұлғам! Мен атамның ұрпағы болғанымға қуанамын. Оның ерлігі – менің жүрегімде мәңгі сақталады.

Қазіргі кезде артында қалған ұрпақтары – балалары, немерелері, шөберелері атамызды мақтанышпен айтып, сағына еске аламыз.

**Немересі Әсемгүл Маултаева,**  
Қосшы қаласы



ЖОЛДАС ҚАДІРІН ЖОРЫҚТА БІЛЕСІҢ, ДОС ҚАДІРІН СОҒЫСТА БІЛЕСІҢ

# ДОСТЫҚ ПЕН БІРЛІКТІ ДӘРІШТЕГЕН МЕРЕКЕ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Қосшы қаласы мәдениет үйінің амфитеатрында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналып «Ынтымағы жарасқан туған өлкем – Қазақстан» атты ауқымды концерт өтті. Халықтар достастығының үлгісі ретінде әр этностың өзіндік ерекшелігі өрнектелген хореографиялық композициялық бимен басталған шара мерекелік әсерге бөледі.



Қосшы қаласының түрлі өнер орталықтары мен білім беру мекемелері, мәдениет үйінің жас жұлдыздары ашық аспан астында әртүрлі ұлттың биі мен әнін орындап, ел ішіндегі мызғымас бірліктің үлгісін көрсетті. Ашық сахнада Айгерім Даулетхан өзбек әнін шырқаса, Төлеген Аян «Беловежская пуша» әнін әуелетіп, ретроәсерге бөледі. Ал Дінмұхамед Ақайдар «Я встретил девушку» әнін орындап, жиылған жұртты бір билетіп алды. Мәдениет үйінің күміс көмей әншісі Баян Жұбанова әлемде хит болып жатқан «Ұмай» әнін өзгеше орындап, көрерменнің көңілінен шықты. Сахна төрінде «Кәусар» би ансамблі өзбек, қытай биін, ал «Өнер» жас таланттар академия-

сы тәжік биін, «Сауран» білім орталығы орыс биін, «Жаңа белес» орталығы «Самурай» биін заманауи үлгіде, ширақ қимылмен орындап шықты. «Өнер» орталығының вокалистері «Ақ көгершін» әнін нақышына келтіре жеткізсе, Әсет пен Айтжан «Қара жорға» әнін жаңаша мақаммен шырқап берді.

Мерекелік шараға көрермен болып келген Қосшы қаласының тұрғыны Гүлбақыт Закарина:

«Бүгінгі мерекелік шараға келгеніме қуаныштымын. Қаламыз жылдан жылға өркендеп, дамып келеді. Мына дала театрына бірінші рет келіп отырмын. Жаңарып, жасарып келе жатқан қаламыздың тұрғындарының бірлігі мен татулығы жа-

расып, бақытты ғұмыр кешсін!» деп ізгі тілегін арнады.

Ал шағын ауылдан қалаға айналған Қосшының көнекөз куәгері Гүлнар Сәбитова: «Барша халықты бүгінгі шуақты Бірлік күнімен құттықтаймын! Бақытты ғұмыр, мықты денсаулық, мол табыс тілеймін! Аспанымыз ашық, заманымыз тыныш болсын! Балаларымыздың болашағы кемел, арманы асқақ болсын!» деп тілегін жаудырды.

Қазақстанда жүзден аса ұлттар тұрады. Олардың барлығы еліміздің ашық аспаны мен көк туының астында бейбіт өмір кешіп келеді. Кең пейілді қазақ халқының дархан даласын жайлаған барша ұлт өкілдері қазақ жерін Отаным деп мақтанады. Бүгінгі концерттік бағдарлама



осынау мызғымас бірлік пен татулықтың айқын белгісіндей әдемі әсер, бөлек сезім сыйлады.

Гүлназ БИСЕН



«Jana Bastau» газетіне оңай жазылыңыз!

Құрметті оқырмандар!

«Jana Bastau» – Қосшы қаласының әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси газетіне 2025 жылға жазылу жалғасып жатыр!

Жазылу енді бұрынғыдан да оңай!

Kaspi.kz қосымшасы арқылы ешқайда бармай-ақ, бар болғаны 1 минутта жазылыңыз!

Kaspi.kz → Төлемдер → Баспасөзге жазылу → «Jana Bastau» газеті

«Қазпошта» бөлімшесінде жазылуды рәсімдеу

Жазылым бағасы:

Жеке тұлғаларға – 7000 тг

Заңды тұлғаларға – 7500 тг

Қазақ және орыс тілдерінде аптасына 1 рет шығады. Ең өзекті жаңалықтар, экономика, қоғам, мәдениет және саясат.

Жазылымға дәл қазір тапсырыс беріңіз!

Байланыс: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – сіздің қалаңыздың үні!

Подпишитесь на газету «Jana Bastau» легко и удобно!

Уважаемые читатели!

«Jana Bastau» – социально-экономическая и общественно-политическая газета города Косшы. Продолжается подписка на 2025 год!

Подписаться теперь проще, чем когда-либо!

Через приложение Kaspi.kz – оформите подписку всего за 1 минуту, не выходя из дома!

Kaspi.kz – Платежи – СМИ – Газета «Jana Bastau»

В отделении «Казпочты» – оформите подписку

Стоимость подписки:

Для физических лиц – 7000 тг

Для юридических лиц – 7500 тг

Выходит 1 раз в неделю

На казахском и русском языках

Актуальные новости, экономика, общество, культура, политика

Оформите подписку прямо сейчас!

Контакты: +7 701 709 88 82

«Jana Bastau» – голос вашего города!

Kaspi QR

Жазылым үшін ақысын төлеу  
Оплата за подписку



«Jana bastau» социально-экономическая и общественно-политическая газета

Jana  
Bastau

Меншік иесі –  
«Bastau Media» ЖШС

Директор –  
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор  
Дәулет АСАУ

Бас редактордың орынбасары  
Гүлназ БИСЕН

Веб-редактор  
Салтанат ЕСЕНҚҰЛОВА

ЖУРНАЛИСТЕР:  
Жанар АХМЕТОВА,  
Асылжан КҮНТУҒАН

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ

Дизайнер-беттеуші  
Ербол ҚАНАТҰЛЫ

Корректор  
Майгүл ХАРИҒАЗЫ  
Нөмердің кезекшісі  
Гүлназ БИСЕН

- Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС, Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
- Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Ұсынылған материалдардың дұрыстығына редакция жауап бермейді.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:  
Қосшы қаласы,  
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:  
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com  
www.janabastau.kz